

Жезқазған облысы Приозерск қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 26 сәуір N 518

Жезқазған облысы Приозерск қаласының әлеуметтік инфрақұрылымы мен тұрмыстық-коммуналдық шаруашылығының Ресей Федерациясының әскери бөлімшелерінен кезең-кезеңімен алынып, жергілікті бюджеттің қаржыландыруына берілуіне байланысты оларды қаржыландырудың пайда болған қиын жағдайын ескеріп, Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жезқазған облысының әкімі Приозерск қаласының 1995 жылға арналған бюджетінің орындалуына тексерудің қорытындысын қарап, әлеуметтік сала мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы объектілерін ұстауға 1996 жылға қажетті қаржы ресурстарын белгілесін.

2. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі комитеті, Қорғаныс министрлігі Приозерск қаласының әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымын қолдау мақсатында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Сарышаған" полигонын жалға беру туралы шартты әзірлеу мен оған қол қоюды жеделдетсін.

3. Жезқазған облысының әкімі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен, Экология және биоресурстар министрлігімен бірлесіп 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін Приозерск қаласы мен оған іргелес аумақтарды 2005 жылға дейін экологиялық сауықтыру бағдарламасын әзірлеп, бекітсін.

4. 1996 жылға арналған Еңбекпен қамту бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің облыстар әкімдерімен бірлесіп, экологиялық апат аймақтары мен жұмыс қолы артық аймақтардан Приозерск қаласына азаматтардың ерікті көшіп келуін ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдайтыны назарға алынсын.

Жезқазған облысы мен Приозерск қаласының әкімдері республикалық атқарушы органдармен бірге осы мақсаттарға халықты еңбекпен қамтудың облыстық қорының қаражатын тарта отырып, көшіп келетін азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету және қосымша жұмыс орындарын құру жөнінде шаралар қабылдансын.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі комитетімен, Экология және биоресурстар министрлігімен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Приозерск қаласының әкімімен бірлесіп 1996 жылдың 15 мамырына дейінгі мерзімде қаланы дамыту мүддесін ескере отырып, ракета отынының құраластарын, түсті және қара металл сынығын, одан әрі пайдалануға

жарамсыз жабдықтарды сату мен кәдеге жарату жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

6. Жезқазған облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Білім министрлігі 34402 әскери бөлімшесінің әскери госпиталімен Приозерск қаласының, оған іргелес селолар мен поселкелер халқына медициналық қызмет көрсету, сондай-ақ радиоэлектроника мен байланыс саласында кадрлар даярлау мүмкіндігін ескеріп, қолда бар ғылыми-техникалық әлеуметті пайдалана отырып, арнаулы колледж ашу және оны жабдықпен жарақтандыру жөнінде шарт жасасу мәселелерін шешсін.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Кеден комитеті, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Жезқазған облысының әкімі бір ай мерзім ішінде Приозерск қаласының объектілеріндегі, "Сарышаған" және "Балқаш-9" полигондарындағы мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шараларды зерделесін және әзірлесін.

8. Приозерск қаласының әкімі қаланы дамыту жөніндегі 1996-1998

жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы мен жоспарын әзірлесін және Жезқазған облысының әкімімен келісе отырып, оны 1996 жылдың 15 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне бекітуге ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі